

# Кәмелетке толмағандардың зорлау қылмыстылығының криминологиялық сипаттамасы



# Кәмелетке толмағандардың зорлау қылмыстылығының түсінігі

Қазіргі таңда кәмелет жасқа толмаған балалар арасында қылмыстар көбеюде. Оның көбі қарақшылық ұрлық тонау зорлау секілді қылмыстар болып табылады. Соңғы жылдары зорлауға байланысты қылмыстар бес пайызға өскендігін көріп отырмыз. Бұл қоғам үшін жан түршігерлік және қазіргі таңда өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр.



**Балалардың  
көшеде  
қараусыз  
жүрулерінен**

The diagram features a background of two hands holding several white paper cutouts of children. A central blue box contains the text 'Қылмыстың орын алу себептері:'. Six surrounding boxes, three light blue and three light green, are connected to the central box by blue lines, each listing a cause of crime.

**Мектептен келе  
жатқанда**

**Кездейсоқ  
таныстықтан**

**Қылмыстың орын алу себептері:**

**Ішімдік, есірткі  
тектес  
заттарды  
пайдаланудан**

**Интернет  
арқылы  
танысудан**

**Виктимді жүріс  
тұрысқа  
байланысты**

# Кәмелетке толмағандардың зорлау қылмыстылығының статистикасы



# Кәмелетке толмағандардың зорлау қылмыстылығының көрсеткіші

## Деңгейі:

$$Kф = 2014 \times 1000000 / 180000000 = 11.1$$

(2017 жылғы жалпы камелетке толмағандарға қатысты қылмыстар)

$$Kф = 130 \times 1000000 / 180000000 = 0.7 \text{ (зорлауға қатысты)}$$

# Динамикасы



- 2017 жылғы қылмыстар мен 2016 жылғы қылмыстарды салыстыру:  
2017 ж. 130 қылмыс, ал 2016 ж. 123 қылмыс  
 $x=130*100/123=105.6\%$   
Онда біз, 2017 ж. Зорлау қылмысы 2016 ға қарағанда 5,6% ке өскенін байқаймыз.

# Қылмыс құрылымы

- 2017 жыл бойынша:  $Қк = 130 * 100 / 334299 = 0,038$
- 2016 жыл бойынша:  $Қк = 123 * 100 / 361689 = 0,03$
- 2015 жыл бойынша:  $Қк = 261 * 100 / 386718 = 0,06$
- 2014 жыл бойынша:  $Қк = 169 * 100 / 341291 = 0,04$

# СЕБЕПТЕРІ

**Бірінші себепте,** ата-аналар тәрбиесінің жеткіліксіз болуы. маған балаға тәрбие беру өте тым кеш болады.

**Екінші себеп – қоғамдағы қылмыстың артуына нашақорлық пен алкоголизмнің салдары болып тұр.**

Үшінші себеп – құқық қорғау органдарындағы заңсыздық мәселесі. Бір бала қылмыс жасаса және оны бәрі біледі..

**Төртінші себеп –** біздің қоғамдағы жастар өз уақыттарын бос және тиімсіз пайдаланады.



# Кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен панасыздықтың алдын алу

сабақтан тыс және каникул 2017-2018 оқу жылында қосымша білім берумен 136 632 (74,9%) бала қамтылды (2016 жылы - 44,8%).

Облыс мектептерінде 305 полицияның жас көмекшілері жасақтары құрылған, олардың құрамындағы оқушылар саны – 2133, техникалық және кәсіби білім беру жүйесінің 83 оқу мекемесінде 698 адамның қамтылуымен 50 жасақ құрылған.

«Менің қауіпсіздігім» атты сынып сағаттары (қатысушылар саны – 175 486), «Ерте отбасын құру: артықшылығы мен зияны» тақырыбында ата-аналар және оқушылармен сұхбат (қатысушылар саны – 74 469) өткізілді, «Қоғамда зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» тақырыбында кітап және фото көрмелер ұйымдастырылды.

Облыс аумағында Халықаралық Балалар Қоры ЮНИСЕФ БҰҰ 2 жобасы жүзеге асырылып жатыр – «Балаларға қатысты әділ сот», сонымен қатар заңмен қайшылық болған балалардың психикалық денсаулығына қатысты қажеттілігін зерттеу.

**Кәмелетке толмағандар  
арасындағы қылмыскерліктің  
алдын алу үшін Біріккен Ұлттар  
Ұйымының жетекші  
принциптері (Эр-Риядада  
қабылданған жетекші  
принциптер)  
1990 жылы**

## ● IV. Қоғамдағы өмірге дайындау үдерісі

- 10. Қоғамдағы өмірге ұтымды дайындық пен барлық балалар мен жастардың, әсіресе, отбасы, қауым, ұқсас жастағы топ өкілдері, мектеп, кәсіби-техникалық даярлық, еңбек әрекеті, сондай-ақ еркін ұйымдар арқылы кірістірілуіне жәрдемдесетін алдын алу саясатына басты назар аудару керек. Балалар мен жастардың тұлғалық дамуына тиісті назар аудару керек; бұл кезде оларға қоғам өміріне дайындық пен бірігу үдерісіндегі тең серіктестерге сияқты қарау керек.



## ● Отбасы

Ата-аналар мен балалар арасында оң қарым-қатынасты қалыптастыру, балалар мен жастарды алаңдататын мәселелер туралы ата-аналарды ақпараттандыру мен жастардың отбасы өміріне және қауым қызметіне кірістіруге жәрдемдесе отырып, отбасыларын баланың дамуы мен оған күтім көрсетуде ата-аналардың рөлі мен міндеттері туралы ақпарат алу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету керек.



## ● Білім беру

- 20. Үкіметтер барлық жастарға мемлекеттік білім беру жүйесіне қолжетімділігін қамтамасыз етуге міндетті.
- 21. Білім беру жүйелеріне оқу мен кәсіби-техникалық даярлықтан басқа, келесі сұрақтарға назар аудару керек:
  - а) негізгі құндылықтарға құрметпен қарау мен баланың өзінің өзіндік мәдениетіне және баланың тұрып жатқан мемлекетінің қоғамдық құндылықтарына көзқарастарына, өзінің қоғамының мәдениетінен өзгеше болып келетін мәдениетке, адам құқықтары мен негізгі еркіндіктеріне құрметті тәрбиелеу;
  - б) барынша мүмкін дәрежеде жастардың тұлғаның, дарынның, ойлау мен дене мүмкіндіктерінің дамуына жәрдемдесу;

## ● Қауым

- 32. Жастардың қажеттіліктері, мәселелері, мүдделері мен қамын ескеретін және оларға, олардың отбасыларына тиісті ұсыныстар мен кеңес беретін қауымдық қызметтер мен бағдарламаларды құрап немесе барларын нығайтқан жөн.
- 33. Қауымдар жастарға жергілікті деңгейде қолдау көрсету немесе қауымдық орталықтар, демалыс орындары арқылы нығайтуға және әлеуметтік қауіпті жағдайдағы балалардың ерекше мәселелерін шешуге қызметтер көрсетуі керек. Бұндай көмек көрсету кезінде сол балалардың құқығын сақтау керек.

## ● Әлеуметтік саясат

- 45. Үкіметтік мекемелер жастарға арналған жоспарлар мен бағдарламаларға бірінші кезекте назар аударып, тиісті медициналық қызмет көрсету, психикалық денсаулықты қорғау, тамақтану, тұрғын үй мен басқа сәйкес қызметтер көрсету, соның ішінде есірткі мен ішімдікті асыра пайдалану мен емделу саласында қажетті қаржы мөлшерін ұсына отырып, жастар осы мақсатта бөлінген қаражаттарды алып, өз мүдделерінде пайдалануын қаматамасыз ету керек.

## VI. СОҒ ТӨРЕЛІГІ

- 52. Мемлекеттерге барлық жастардың құқықтары мен амандығын жүзеге асыру мен қорғауға жәрдемдесетін арнауы заңдар мен үдерістерді қабылдап, олардың орындалуы қамтамасыз еткен жөн.
- 53. Балалар мен жастарға қылмыстық әрекеттеріне қару ретінде қолдануға тыйым салатын заңнамаларды қабылдап, сақталуын қамтамасыз еткен жөн.
- 54. Ешбір бала немесе жастар отбасында, мектепте басқа мекемелерде дөрекі немесе қадір қасиетінті қорлайтын жазаларға шалдықпау керек.
- 55. Балалар мен жастардың қарудың барлық түрлеріне рұқсатын шектейтін және бақылайтын заңнама әзірлеп, оның сақталуын қамтамасыз еткен жөн.